

ӘОЖ 141.7.

¹ Г.К. Абдигалиева, ² Қ.Қ. Қалдыбай, ³ Т. Қ. Абдрасилов

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

³ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: g.kanaieva@mail.ru

Философия тарихындағы қауіпсіздік түсінігі

Адам дүниеге келгеннен бастап оның өмір сүруі мен әл-ауқаты мынадай көптеген қауіп төндіретін қатерлерден тұрады: ашаршылық, түрлі аурулар, жабайы жануарлар шабуылы, табиғи және техногенді апаттар. Бірақ адам үшін ең қауіпті адамның өзі қала береді. Сондықтан адамзат қауымдастығының қалыптасуы мен дамуы табиғат, дұшпандар мен техникалық нысандардан туындайтын түрлі қатерлерді жеңуге бағытталған қауіптерден тұрды. Бұл тұста қоғам дамуының маңызды шарттары ретінде қауіпсіздік феноменінің табиғатын айқындап, қамтамасыз ету жолдарының философиялық негіздерін белгілеу ғылыми жұмыстардың құндылығын арттыратындығын айта кеткеніміз жөн. Біздің еліміз үшін тәжірибелік жағынан жаңа болып табылатын «қауіпсіздік» термині теориялық және тәжірибелік саясаттануда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Ғалымдардың басым бөлігі бастауын 1947 жылы Америка Құрама Штаттарында жаңадан қабылданған «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңымен байланыстырылады. Сонымен қатар кейбір зерттеушілер «ұлттық қауіпсіздік» терминін алғаш рет 1904 жылы АҚШ Конгресінде Т. Рузвельт өз жолдауында қолданғандығы жөнінде айтылады. Десек те, оның философиялық негіздерінің астары өте тереңде жатыр және қауіпсіздік ұғымы ішкі және сыртқы қатерлерден тұлға, қоғам мен мемлекеттің қауіптен сақтану жағдайымен сипатталады.

Түйін сөздер: қауіпсіздік, философия, азаматтық қоғам, құндылықтар, қауіп, қоғамдық келісім, қатер.

G.K. Abdygalieva., K.K. Kaldybay., T.K. Abdrassilov.

The concept of security in the history of philosophy

This article examines the role and importance of security of human in social philosophy. As safety of human in modern understanding appears one of the most important factors determining the consciousness and behavior of the individual and society. Reflects main aspects of security in the views of the philosophers in the context of the history of philosophy. Security in the modern understanding of the world is becoming one of the most important factors determining the consciousness and behavior of the individual and society. The emergence of various research approaches to the study of the phenomenon of security can be seen as an attempt to comprehend the dangers, threats, risks and challenges to human life and functioning of the family, society, state, civilization itself – as the basis for the phenomenon of security are historically different forms, types of socio-cultural activities to protect and promote individuals, social groups, family, society, state your goals, ideals, values and interests. Significance of the article is that it is very urgent for today's Philosophical Science to learn in detail definitions of security.

Keywords: security, philosophy, civil Society, valuables, danger, social cohesion, threat.

Г.К. Абдигалиева., К.К. Калдыбай, Т.К. Абдрасилов

Понятие безопасности в истории философии

В данной статье рассматривается роль и значение безопасности человека в социальной философии. Безопасность человека в современном понимании является одной из самых важных факторов, определяющих сознание и поведение личности в обществе, основные аспекты безопасности во взглядах философов в

контексте истории философии. Безопасность в современном понимании мира становится одним из наиболее важных факторов, определяющих сознание и поведение личности в обществе. Появление различных исследовательских подходов к изучению феномена безопасности можно рассматривать как попытку осмыслить опасности, угрозы, риски и вызовы для жизни человека и функционирования семьи, общества, государства, цивилизации – в качестве основы. Безопасность имеет исторически различные формы, виды социально-культурной деятельности по защите и поощрению индивидов, социальных групп, семьи, общества, государства, ваших целей, идеалов, ценностей и интересов. Особенность статьи заключается в том, что именно сегодня в философской науке очень важно детально рассмотреть сущность понятия «безопасность».

Ключевые слова: безопасность, философия, гражданское общество, ценности, опасность, общественное согласие, угроза.

Жалпы ғылыми және саяси ортада «қауіпсіздік» ұғымының кеңінен таралуы Т. Гоббс, Дж. Локк, Ж.Ж. Руссо, Б. Спиноза сынды ойшылдардың философиялық тұжырымдамаларымен байланыстырылады. XVII-XVIII ғасырлардың ғалымдары берілген ұғымның теориялық әдістемелерін дайындауға бірінші талпыныстар жасады.

Ұлттық қауіпсіздік пен азаматтық қоғам құрылымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Азаматтық қоғамның әлеуметтік-саяси тұжырымдамаларын таңдау барысында бірнеше тәсілдер қолдануға болады. «Қорқу-үрку мәселесі қазіргі таңда жастардың арасынан орын алған өзекті мәселелердің бірі» [1]. Мәселені толықтай ғылыми сараптау үшін назарға алынуы тиіс деп ойлаймыз: біріншіден, Демокрит, Платон, Аристотель, Ж.Ж. Руссо, Ф. Гегель, К. Маркс тұжырымдамаларын салыстырып талдау; екіншіден, түрлі идеологиялық дәстүрлерде қалыптасқан азаматтық қоғамның тарихи тұжырымдамалары мен тәжірибелік модельдерін пысықтау; үшіншіден, адамзат өркениетінде эволюциялық дамуды өткерген азаматтық қоғамының мәдени-тарихи түрлерін қоғамдық формалары бойынша дамуын талдау; төртіншіден, азаматтық және саяси қоғам арақатынасын белгілеу; бесіншіден, дамудың демократиялық деңгейіне жеткен әлеуметтік жүйенің ерекшеліктерін талдау; алтыншыдан, елімізде қалыптасқан азаматтық қоғамның даму шарттары және қазақтың түркі тілдес ойшылдары пікірлеріндегі ұқсастықтарды айқындау. Бұл ұлттық қауіпсіздіктің философиялық негіздерін анықтауға септігін тигізетін зерттеулердің негізгісі болмақ.

Зерттеу жұмысы барысында философия тарихының даму түрлеріне қарай, берілген

мәселенің ойшылдар пікірлерінде зерттелу көрсеткішін зерделеуге тырыстық.

Бірінші кезең. Ежелгі Шығыс философиялық ілімдеріндегі қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік түсінігі.

Ежелгі Шығыстағы әлеуметтік-экономикалық мәдениеттің консервативтілігіне байланысты алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі анимистикалық қатынастар сақталды. Мәселен, «Ригведаның» мәтіндерінде ежелгі үнділіктер үшін қауіп мол құбылыстар мен табиғат процестері сипатталды. Аталмыш мәтіндерде ведалық құндылықтар растығы мен қорғаныс күштеріне күмән тудыратын тұстары да кездеседі.

Ежелгі Шығыстағы қытай мәдениеті әлемдегі ең ежелгі және бай мәдениеттердің бірі саналады. Мыңжылдықтар тамырымен бойлаған мәдениет дәстүрі мен консерватизммен бір ізділігін танытып отыр. Ежелгі дүниеде қалыптасқан рухани құндылықтар әлі де қытайлықтар дүниетанымымен тығыз байланысты және олардың өмірге көзқарастарын айқындайды. Бүгінгі таңдағы Қытайдың экономикалық даму кезеңінде дәстүрлі құндылықтар жоғалмай, заманауи нарықтық құндылықтар шеңберінде және даму жолдары иеленуде.

Қытайлықтардың ежелгі дәуірдегі дүниетанымы әлеуметтік бағытта сипатталады. Ежелгі дәуірдегі қытай ойларының басты бағыттары қоғам, оның ұйымдастырылуы, құрылымы және қызмет етуіне негізделеді. Конфуций ілімдерінен бастау алатын қоғам және адам мәселесі қытай философиясының негізгі тақырыбы. Оның бастамасымен құрылған әлеуметтік нормалар мен қағидаттар негізгі теориялық білімнің қалыптасуына ықпал жасады. Өз кезегінде әлеуметтік принциптер адамда таңдау негізі бойынша танылады.

Б.э.д I мыңжылдықтың басында жазылған «Тарих кітабында» («Шу цзин») материалдық әлем бес бастаудан тұрады: су, от, ағаш, металл, жер. Б.э.д III ғасырда өмір сүрген Цзоу Ян ілімдерінде осы бөлшектер әлемнің дамуындағы негіз болып табылады және диалектикалық өзара байланыс қалыптастырады. Жалпы ежелгі қытай ілімдерінің ішінде ерекше орынды Хань дәуірінен бастап Қытайдың дәстүрлі әлеуметтік құрылымдар негізін қалаған конфуцийшілдік және ресми түрде оппозициялық әлеуметтік ұйым ретінде даосизмді көрсетеміз. Конфуций ілімдерінің кейбір кемшіліктерін көрсете білген даосизм шын мәнісінде салмақты қарсылық танытты. Сондықтан ежелгі Қытай философиясының әлеуметтік қауіптердің шығу тегін, оның салдарынан болатын бақытсыздықтар және қарсылық білдіру тәсілдерін түсіндіруге талпыныс бар екенін байқауға болады. Танымал Қытай философы Сюнь-цзы атап көрсеткендей, адам қатігездік табиғатына ие. Адам жанындағы жақсылық – сәтімен алынған қасиет. Демек, дао қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және кепілдік беретін табиғаттың көзге көрінбейтін, жалпылама жаратылыс заңы.

Екінші кезең. Антикалық қоғам шарттарындағы тұлға қауіпсіздігі шарттары түсінігінің қалыптасуы.

Жаратылыс үдерістерін бақылау арқылы адамзат табиғи қауіптердің көзі ретінде от, су, ауа, жер деп біліп, табиғат өз күш-жігерін танытанындығын айқындалады. Аталған денелер адамның өмір сүру шарттарын қалыптастыруымен бірге, әлеуметтік өмірге қауіп төндіреді. Су молдығынан тасқын, оттан өрт, ауадан дауылдар, жер қозғалысынан жер сілкінісі орын алады. Ежелгі грек философтары еңбектерінде аталмыш денелер әлемнің негізі болып табылады. Мәселен, негізгі бастама ретінде Фалес суды таниды, Анаксимен үшін – ауа, Гераклит – от, Эмпедокл – жер, су, от, ауа деп атап көрсеткен.

Эпикур күннің күркіреуі, бұршақ, қар, дауылдар секілді табиғат процестерін зерттеді. Эпикур жеке адамның қауіпсіздігі жөніндегі өз пікірін былай атап көрсетеді: «Адам қауіпсіздігі мазалы адам мен байлық секілді күшті деңгейінде жетеді, бірақ шын қауіпсіздік тыныш өмір мен топтан ажырағанда орын алады» [2].

Сократ та мемлекетті қорғау қажеттілігі жөнінде сөз еткен. Сократтың диалектикалық

әдісі ақиқатты әңгімелесу, пікір таластыру арқылы анықтайды. Ежелгі дүниеде диалектиканы қоғамдағы қарама-қайшылықтарды жеңудегі өнер ретінде түсінді. Осы мәселелерді шешуде ол сөйлесу әдістерін қолданып, жеке ойлау арқылы жетістікке жететін көрсеткіш ретінде көрді. Сөйлесу арқылы адам рух емтиханынан өтіп, адамгершілік құндылықтарының қалыптасатынын көрсетті. Сократ әдістерінің негізі саналатын тәлкек және майевтика түрі жағынан бөлік саналатын болса, индукция мен анықтама мазмұнын көрсетеді.

Жеке адам болмысының мәселелерін назарға алумен қатар, ежелгі грек философтары мемлекет, қоғамның даму басымдылықтарын анықтады. Мәселен, Аристотель қоршаған орта тәртібін зерттеу арқылы қауіпсіздік табиғатын рационалды және ғылыми негіздеуді қалыптастыруға болатындығын атап көрсетті. Аристотель этикасына сай, адамның игілікке ішкі ұмтылысы бақыт пен қауіпсіздікте жатыр. Қайырымды қала рухында тәрбиеленген азамат құратын қала-мемлекет қауіпсіз өмір сүру мүмкіндігін туындатады. Жоғары мемлекеттік игілік ретінде әділеттілік саналады және ол қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Ауқаттылар мен тұрмысы нашар азаматтардың аздығы, жалпы қоғам пайдасы үшін орта табысты адам басқаратын мемлекетті қауіпсіздік жоғары дәрежеде қамтамасыз етіледі.

Ежелгі Римде адам мен қоғамның қызметін нақты бөле білген. Мәселен, Цицерон өз кезеңіндегі қоғамдық өмір шарттарына байланысты қауіпсіздік қызметін бірінші орынға қойған. Ол бір еңбегінде: «Табиғат тірі жандарға қорғануға ұмтылыс, өмірін қорғауды берді, қауіпті дүниелерден алшақтап, өмірі үшін қажеттіліктерді иеленуді үйретті» [3], – деген болатын.

Ежелгі Римнің мемлекеттік және саяси қайраткері, диктатор, қолбасшы әрі жазушы Гай Юлий Цезарь әскери хабарламаларын мәтіндерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы жасырын кодпен жасырылған шифрлап пайдаланды. Десек те, заманауи криптографиялық талдаулар көзқарастары бойынша аталмыш шифр қолайлы беріктігінің шамасы аз.

Үшінші кезең. Орта ғасырлар мәдениеті аясындағы қауіпсіздік жөніндегі философиялық көзқарастар түсінігі.

Ортағасырлар ойшылдарының пікірлерінің қазіргі көрінісі Ежелгі дүниедегі секілді осы кезеңге дейін жеткен деректер негізінде нақтыланды. Бұл кезең идеологиясы қатып қалған діни ұстанымдарға негізделген сипатқа ие. Дәуір схоластикалық және софистік пікірлермен ерекшеленіп, діни-этникалық және авторитарлық нормалар ұстанымы күшейді. Бұл Антикалық дәуірдің соңғы кезеңдерінде әлемде діншілдікке бет бұрыс қайта басталғандығын көрсетеді. Халық күрделі өмірлік мәселелерін шешу жолында дін саласына жүгінді.

Орта ғасырлар кезеңі идеологиялық жағынан христиан дінінің бекітілуімен сипатталады. Сондықтан қауіпсіздік туралы түсінік діни дүниетаным негізінде қалыптасты. Тертуллиан пікірінше, адам жеке күштерге сенім артпауы тиіс, өйткені өз ырқынан тыс қауіптіліктен айырылып қалу мүмкін. Сонымен қатар, ол былай деп пайымдайды: «Үрей құтқару жолының негізі, ал өзіне-өзі сенімділік үрейге кедергі келтіреді. Өз адамгершілігіне сенудің қажеті жоқ: сенімсіздік бізге үрей әкеледі, үрей бізді қауіпті тануға баулиды, сондықтан біз қауіптен құтыла аламыз, егер біз өзімізге сенсек, құлаудан құтыла алмаспыз анық, кімде кім уайымсыз және тыныш өмір сүрсе, өзін қауіпсіз деп есептей алмайды. Барлығына қауіптенетін және әр нәрсеге дайындар шын мәнінде өзін сенімді сезінеді» [4].

Аврелий Августин де қауіпсіздік мәселесін үрей түсінігімен байланыстырады. Оның пікірінше: «Өзгеше және күтпеген бақытсыздықтан қорқатын үрей алдын ала қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ойлайды. Сен үшін не өзгеше? Нені күтпейсің? Сенен өзің жақсы көретін затты кім алып қоя алады? Сенен басқа қандай жерде қауіпсіздік бар?» [5].

Ортағасырлардағы батысеуропалық ойлардың дамуына өзінің оң ықпалын италяндық монах Фома Аквинский тигізді. Оның негізгі еңбектерінің бірі саналатын «Теология жинағы» атты еңбегінде экономикалық категорияның моральды-этикалық сипаты берілді. Экономикалық мәселелердің діни-этикалық әдістерін қалыптастырған еңбектерінде догматтық принциптер орын алды. Сонымен қатар, бұл еңбекті әлі күнге дейін Ватикан кеңінен пайдаланып жатқан католицизмнің энциклопедиясы саналады.

Ол өз дәуірінің мүмкіндіктерін ескере отырып, қоғамның сословиелік бөлінісі кезін-

дегі әлеуметтік теңсіздік мүмкіндіктерін салыстырмалы түрде талдайды. Ежелгі канонистерге қарағанда, Ф. Аквинский қалалық қолөнер өндірісі, алғашқы сауда операцияларын күнә ретінде қарастырмайды. Әдістемелік позициядан қарағанда, философ көзқарасы бұрынғы канонистер пікірлерімен бірдей. Дегенмен, ежелгі канонистер қасиетті жазбалар мен шіркеу мәтіндерін қатаң түрде қабылдап, экономикалық категориялар мен құбылыстарды моральды-этикалық әдістеріне негіздейді.

Аталмыш еңбегінде ол еңбекті қоғамдық бөлу, жеке меншік, сауда, «ақиқат баға», табыс, жер рентасы, процент секілді экономикалық мәселелерді қарастырады. Оның пікірінше, еңбекті қоғамдық бөлу табиғи жаратылыстық құбылыс болып табылады. Жеке меншікке Ф. Аквинский жеке шаруашылықты жатқызып, адам табиғатынан байлық иеленуіне құқығы бар. Сондықтан өз қажеттілігінді қанағаттандыруға қажет меншік адамзат өміріндегі қажетті институт болып табылады. Ол жер рентасы мәселесін толық қолдап, табыс пен процентке қатысты екі жақты пікір ұстанады. Бір жағынан ол екеуінің жағымсыз жақтарын айтып, екінші жағынан табысты еңбек үшін төленген ақы ретінде қарастырады [6].

Әл-Фараби «Қайырымды қала» атты еңбегінде «адамдар шынайы бақытқа тек қайырымды қалада ғана қолы жетеді» деп тұжырымдай келіп, Қайырымды қаланың келбетін аша түсу мақсатында адамдар қоғамдастығы шоғырланған қалаларды классификациялап бөледі. Қайырымды қалада алдарына іс-әрекеттің өзара жәрдем көрсете білу мақсатын қойған қоғамдастығы бар қала халқы ғана бақытқа жете алады. Әл-Фараби шынайы бақыт жолында *ынтымақтастық* жолы ерекше дейді [7].

«Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастар жайындағы» трактатында әл-Фараби Бірінші Тұлғаға төмендегідей сипаттама береді: «... барлық жеке біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. [Жалғыз] сол ғана кемшіліктен ада: басқа жан біткеннің бәрінде – Одан басқасында – ең болмағанда бір кемшілік немесе бірнеше [кемшілік] бар. Ал Біріншіні алатын болсақ, ол мұндай кемшіліктің бәрінен ада, өйткені оның тіршілігі кәміл және болмысында басқасының бәрінен озық...» [8].

Қ.А. Ясауи бұл еңбегін адамды имандылыққа, ізгілікке жетелейтін күш, айқын бағдарлама

деуге болады. Ол әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан-дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиетінен жүрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты болып келеді. Мына жалған дүниеде ақ пен қараны, оң мен солды танытатын, әрбір пенденің құдай алдындағы парыздарын ұмыттырмай отыратын, адамды ізгі істерге бастайтын аса құдіретті бір күш бар. Оны имандылық деп атаймыз. Адам бойындағы имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жаны ашырлықпен қарау болып табылады [9].

М. Қашқари «Түркі тілдерінің сөздігі» еңбегін жазу барысында сол дәуірдегі түркілердің қоғамдық өмірі мен рухани дүниесін, ойтанымын сан алуан өзіндік сипатын әр жақты қамтып және негізгі материалдарын бес салаға бөліп қарастырған: белгілі бір тайпаға тән мәндігі дәл көрсетілген сөздер қоры (лексикасы); түркі тайпаларының мекен қоныстары жайындағы мәліметтер; түркі тілдерін топтастыру; түркілік тарихи фонетика мен грамматика туралы мәліметтер; түріктердің тарихи географиясы, этнографиясы, поэзиясы жайындағы мәліметтер [10].

Төртінші кезең. Қайта өрлеу мәдениеті аясындағы қауіпсіздік ұғымының философиялық көзқарастар түсінігі.

Қайта өрлеу дәуірінің ойшылдары адамды жоғары құндылық ретінде бағалап, оған қатысты барлық мәселелер назарда тұрады. Италияндық гуманист Лоренцо Валла пікірінше, үлкен игіліктерден туындайтын үлкен пайда кіші игілікті қалайды. Өйткені, ол қоғамға үлкенге қарағанда кіші шығынға ұшыратады. Десек те, уақыт, орын және т.б. өзгерістерге байланысты үлкен немесе кіші игілікті ажырату қиынға соғады. Осы тұжырымдар бойынша ол үлкен игіліктер негізгі шарты ретінде қауіп пен қатердің жоқтығы деп таниды.

Кезеңнің ерекше тұлғаларының бірі Никколо Макиавелли Жаңа дәуірдің саяси-құқықтық идеологиясының негізін қалады. Оның саяси ілімдері теологиядан еркін еді. Негізгі ойлары өз заманының үкіметі қызметін талдау, Антикалық әлем елдері тәжірибесін зерттеу арқылы саяси өмір қатысушыларының мүдделері мен ұмтылыстарын қарастыру. Оның пікірінше, өткенді зерттеу келешекті болжауға мүмкіндік береді және жасалуы тиіс міндеттерді

айқындайды. Сонымен қатар, ол мемлекеттің міндеті және мызғымастығының негізі ретінде тұлғаның қауіпсіздігі мен меншіктің тұрақтылығы деп есептейді. Мұның барлығы мемлекет баяндылығын анықтап қана қоймай, бостандықтың игілігін көрсетеді.

Бесінші кезең. Қауіпсіздік жөніндегі жаңа дәуір ойшылдарының түсініктері.

Жаңа дәуір кезінде буржуазиялық құрылыс пайда болып, адам болмысының басқаша негіздері бойынша жаңа құндылықтар бекіді. Ф.Бэкон қауіпсіздік мәселесін көтеретін «Королеваның жеке қауіпсіздігі және барлауға қатысты трактат» атты еңбек жазған болатын. Аталмыш еңбек Бэконды ағылшын эмпиризмнің бастаушысы ретінде емес, жоғары шенді мемлекеттік шенеунік ретінде танытты.

Томас Гоббстың қоғамдық келісім теориясында қауіпсіздік түсінігіне ерекше мән береді. «Құқық негіздері», «Азаматтық туралы», «Левиафан, немесе Материя, шіркеу мен азаматтық мемлекеттің билігі мен түрлері» еңбектерінде абсолютті биліктің жетістіктерін көрсету арқылы табиғи құқықтары принципі мен мемлекеттің келісімдік ерекшеліктері бойынша дәлелдейді. Қоғамдық келісім теориясын қолдану арқылы мемлекет құрылысының заңдылықтарын айқындауға тырысады. Құндылықтар иерархиясын құруда мынадай реттілікті ұсынады: өмір, қауіпсіздік, әділдік, береке. Демек өмір мен қауіпсіздік үшін әділдік пен берекені қиюы мүмкін.

Осыған байланыстырылған әлеуметтік қауіптер Т. Гоббстың мемлекет және құқық ілімдерінде көрініс тапты. Адамзат қоғамы екі бағыттан тұрады: жаратылыстық және азаматтық. Т. Гоббс өз еңбектерінде адамзат жаратылысының қатыгездігін көрсетіп, ежелгі Римнің «Адам – адамға қасқыр» мақалымен келіседі. Адам өз қауіпсіздігін сақтау мақсатында бір-біріне шабуыл жасауға дайын тұрады [11].

Т. Гоббс «Халық қауіпсіздігі – мемлекет жұмысы» [12], – деп жазады өз еңбегінде. Сондықтан, Т. Гоббс идеялары қауіпсіздік туралы білім мен оны қамтамасыз ету механизмдерінің дамуындағы маңызды кезең. Бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында адамдар қоғамдық келісімге бару арқылы мемлекет пайда болады.

Қоғам, мемлекет және құқық мәселелерін зерттеуге байланысты жаңа рационалистік

бағыттың дамуына ұлы голландтық философ және саяси ойшыл Бенедикт Спиноза өз үлесін қосты. Оның саяси-құқықтық көзқарастары «Діни-саяси трактат», «Геометриялық әдіспен дәлелденген Этика», «Саяси трактат» сынды еңбектерде көріністапты. Саназаңдылықтарында өмір сүру және бейбітшілікті қамтамасыз ету барысындағы қауіпсіздік адамдар арасындағы келісіммен байланысты. Спиноза адамның өзгермейтін өзімшіл адами табиғатын мемлекет ауыздықтайды, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тұлғаның өзімшілдігі қоғамға пайдалылығын танытады деп ойлайды.

Белгілі математик, заң ғылымдары бойынша бірнеше еңбектердің авторы Готфрид Вильгельм Лейбництің философиялық постулаттарын назарға алғанымыз жөн. Ол құқық философиясы тарихында алғаш рет табиғи құқықтың жеке жүйесін қалыптастырды. Табиғи құқықтың логикалық модельдері бұрынғы қағидаларын жойғанын айта кеткен жөн. Ол заң ғылымдарының деонтологиялық саласы үшін номотетика ғылымының негізін қалады. Оның пікірінше, адам логика арқылы дұрыс ойлана алады және нақты қимылдар жасағанда қауіпсіздік мәселелерін шешеді.

Ағарту философиясындағы қауіпсіздік сана талаптарына сай қоғамдық қатынастардың қайта құрылуымен байланысты. Дж. Локк өзінің негізгі «Адам санасы туралы тәжірибе» атты еңбегінде эмпиризм мен сенсуализм қағидаттарына сүйенген таным теориясын дамыту арқылы қауіпсіз өмір шарттарының процесін анықтады. Қоғамдық келісім теориясына сүйенетін Джон Локк өзге қорытындыларға келеді. Эмпиризм принциптеріне сүйеніп, адам табиғатын «*tabula rasa*» ретінде танитын ол адам дүниеге өз ойын жүзеге асыратын қатыгез немесе мейірімді болып келмейді, аталмыш қасиеттерге қоршаған орта ықпал етеді. Әрбір адам тәжірибе нәтижесі болып табылғандықтан, Джон Локк қоғамды ұйымдастыру, қоғамдық орта сапасы мәселелеріне ерекше мән береді. Ол қоғамды тиімді ұйымдастыру үшін қажетті шарт ретінде қауіпсіздікті таниды. Адам тәжірибесіне ықпал ету көзқарасына сай еркіндік және даму мүмкіндігі де ерекше рөлге ие. Ағылшын философының пікірінше, қоғамдық келісім қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қызмет атқарады. Дегенмен, мемлекет қауіпсіздік кепілдігін бере алмаса, қатер көзіне айналып жат-

са, адамда өзін-өзі қорғауға ұмтылу арқылы, ерекше құқық кепілдігін алуға мүмкіндігі бар. Джон Локк пікірінше, мұндай мүмкіндік пайда болғанда, адам қауіпсіздікпен қатар, жеке бостандық кепілдігін алуға ұмтылады. Байқап қарасақ, Джон Локк әлеуметтік-саяси көзқарастарында қауіпсіздікке жету тек нақты шарттарда орындалады. Сондықтан билік бір адамның қолында емес, бірнеше тұлғаның арасында бөлінуі тиіс. Бұл көзқарас оның эмпирикалық философиядағы ойларын адамның жаратылыс мүмкіндіктерімен көрсеткен.

Алтыншы кезең. Ағарту заманы философиясындағы қауіпсіздік жөніндегі түсініктер.

Ағарту дәуірінде өмірдің қауіпсіз шарттарын интеллектуалды тануға ерекше көңіл бөлінді. Өйткені, жеке ағартушылар санасына сенген адамның еркіндігі, егемендігі мол және өзін-өзі қорғай алады. Жамандық пен соқыр сенімді жеңу арқылы адам қауіпсіздік түсінігінің мүмкіндіктерін айқындай алады.

Ағылшын философы Джозеф Пристли жаратылыстану ғылымдары бойынша фотосинтез және оттегін ашқан, аммиакты жасаған ғалым. Сол замандары өз еңбектерін жасау барысында қауіпсіздік техникасы ұғымын алғаш рет қолдана отырып, кез келген тәжірибе нәтижесі аталмыш техниканы қолданумен ерекшеленетіндігін көрсетті.

Ағылшын философы Давид Юм өзінің негізгі еңбегі «Адамның табиғаты жөніндегі трактатта» бірнеше идеялар қарастырады. Оның пікірі бойынша, тыныштық пен қауіпсіздіктегі ахуал күнделікті оның ақылына үстемдік ете алмайды. Қуаттау сізде адамзат қоғамындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікке ықпал жасайтын сипаттамалық белгілерді көрсетеді, ал жазғыру, керісінше қоғамға қауіпті және оны жоюға өз көмегін береді. Ол шын бағынушылық көлемі туралы еңбегінде басқарушы қорғау және қауіпсіздікпен қамтамасыз етуді қолға алуы тиіс екендігін және сол арқылы азаматтарды өзіне бағындыра алатындығы жөнінде айтады.

Француз Ағартушылық заманының көрнекті өкілдерінің бірі, заңгер және саяси ойшыл Шарль Луи де Монтескье бостандықтың жеке аспектілерінің жеке азаматтарға қатынасының өлшемі қауіпсіздікпен нақтыланатындығы жөнінде сөз еткен. Ол қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ерекше орынды сапалы қылмыстық заңдар мен сот істерін жүргізуді атап көрсетеді.

Табиғи құқық принциптеріне сүйенетін саяси либерализм қағидалары мемлекеттің азаматтық қоғамнан бөлінуі және билікті тармақтаумен өлшенеді. Оның «Парсы хаттары» және «Заңдар рухы туралы» атты еңбектерінде билікті бөлу теориясының классикалық түсіндірмелері берілген. Біздің ойымызша, бұл теорияның мақсаты – билік өктемдігі мен теріс пайдаланушылықтан азаматтар қауіпсіздігінің кепілдігін алу және саяси бостандықты қамтамасыз ету. Ол адам бостандығын құндылық ретінде санай келе, азаматтың қауіпсіздігін басты орынға қояды.

Француз жазушысы әрі ойшыл Жан-Жак Руссо да өз шығармаларында қауіпсіздікке мән береді. Саяси экономия тұрғысындағы еңбектерінде ол жеке тұлғалар қауіпсіздігін қоғамдық конфедерациямен байланыстырады. Үкімет көпшілік қауіпсіздігі үшін күнәсіз адамды құрбандыққа шалуы қағидасын дұрыс санаймын, бұл тиранияның ойлап тапқан қимылы деп баға береді. Оның пікірінше, философия адамды бөлектеді; оның ықпалында аянышты халде сыбырлап, өзін қауіпсізін деп санайды.

Жетінші кезең. Классикалық неміс философиясындағы қауіпсіздік жөніндегі тұжырымдамалар.

Классикалық неміс философиясы әлемдік философиядағы ерекше құбылыс. Оның 100 жыл ішіндегі жеткен жетістіктерін ерекшеліктері ретінде көрсете аламыз. Классикалық неміс философиясындағы дамыған адамдар құндылығының дамуына байланысты индивидтің мәдени-тарихи дене ретіндегі қызметі танылды.

Иммануил Кант өзінің «Мәңгілік бейбітшілікке» (1795 ж.) трактатында табиғатқа тән маңызды жағдай – ішкі заңдардан тәуелсіздік, яғни азаматтық-құқықтық реттеудің элементі ретінде заңның жоқтығы. «Адам немесе халық таза табиғи жағдайда менен осы қауіпсіздікті тартып алады және менің ахуалыма зиянын тигізеді», – деген пікір білдіреді. Кант табиғи ахуалға карама-қарсылық ретінде азаматтық-құқықтық жағдайды қояды. Қауіпсіздіктің бұл жағдайы заң нәтижесінде қоғамдағы қатерлерді жоюға ат салысады. Мәңгі бейбітшілік жобасын жасаған Кант ұжымдық қауіпсіздік шаралары қажеттілігін ұсынды.

Неміс классикалық философиясының кезекті өкілі Иоган Готлиб Фихте мемлекет теориясын зерттеу барысында қоғамдық

келісім қағидаларымен байланыстырады. Бұл мемлекеттің басты мақсаты – азаматтардың өзара қауіпсіздігі. Ол мемлекет туралы көзқарастарын жүйелей келе, қылмыс теориясын қалыптастыруға талпынады.

Неміс классикалық философиясының шыңы саналатын Георг Вильгельм Фридрих Гегель шығармаларында да қауіпсіздік мәселелері қарастырылған. Гегель өз еңбектерінде: «Адамның қауіпсіздік дағдысы оның екінші табиғатына айналды» [13] және «Жеке адамның қауіпсіздігі біртұтастық кепілдігін береді» [13, 241 б.]. – дейді. Сондықтан индивид, мемлекет және мүлік қауіпсіздігі мәселесін таңдауда ол мемлекет қауіпсіздігін басымдығын айтады. Осы шарттарды жүзеге асыру индивид пен мүлік қауіпсіздігінің негізі болып табылады. Мемлекет өз табиғатына сай ерекше тұтастық сипатына ие. Мемлекет – бұл механизм емес, организм.

Гегель еңбектеріндегі «... жетілдірілмегеннен кемелденгенге ілгері ұмтылу» [14] тұжырымы ұлттық қауіпсіздік мәселесі төңірегіндегі зерттеулерді байыта түседі. Сонымен қатар, неміс философы кезекті еңбектерінде «Мудделердің жоқтығы рухани немесе физикалық өлім саналады» [15], – деген болатын.

Гегель өзінің диалектикалық триада логикасы бойынша әлеуметтікті үш түрге бөледі: отбасы, азаматтық қоғам және мемлекет. Демек, қауіпсіздік тұрғысындағы мәселе көтерілсе, осы бөлініске сәйкес үш түрі бар екені анық. Сонымен қатар, отбасы, азаматтық қоғам және мемлекет әлеуметтік белгілер болуымен қатар, бір-бірімен өзара байланысты дамуға қажетті бірліктер.

Адамзат тарихында аталмыш үш әлеуметтік белгі даму сатылары әр түрлі болды. Мәселен, дәстүрге сүйенетін отбасы антик және орта ғасырдың сипаттамалық белгісі болып табылады. Бостандыққа сүйенетін азаматтық қоғам жаңа дәуірден бастап, қазіргі заманға дейін өз үстемдігін көрсетіп отыр. Сондықтан адам бостандығы қалалар, өндірістермен сауданың дамуына ықпал жасайды. Қазіргі заман құндылықтары патриархалды әлем дәстүрлерін жойып, отбасындағы кейбір құндылықтар өзгерістерге ұшырады.

Диалектика заңдылықтары дамудың жалпы теориясында кеңінен қарастырылса да, оның кейбір ерекшеліктері толық зерттелген жоқ. Дамудың әлеуметтік түрі объективті шындық

дамуының тәсілі ретінде күрделілігін көрсете білді. Ол материалдық және идеалды дамудың бірлігін айқындауы тиіс. Сондықтан даму мен қауіпсіздік арасындағы өзара байланыс күрделі диалектикалық сипатқа ие.

Қауіпсіз өмір сүруге жету жолында ақыл, араласу және еңбек секілді күштер ықпал жасайды. Л.Фейербах пікірінше, дін жұбату қызметімен қатар, адам табиғаты ұяңдыққа әкеліп, адамдардың бір-бірімен байланысын үзеді, әлсіз және бақытсыз етеді. «Адам – адамға қасқыр» принципіне негізделген ілімдері адамның жоғарғы дәрежедегі жан екендігін көрсетіп, барлық қатынастардағы қауіпсіз қоғам еркін, үйлесімді дамуына, бақытты адамдар бірлігін көрсетеді [16].

Сегізінші кезең. Қазақ философиясындағы қауіпсіздік тұжырымдары.

Қазақ халқының өз заманының ойшылдары дүниенің, болмыстың, өмірдің, адамның жай-күйін жете түсінуге ұмтылған. Нақты өмірден бастау алатын қазақтың философиялық көзқарастары қоғам мен табиғат туралы пікірлерге толы. Міне, осы қоғамдық қатынастар турасындағы кейбір тұжырымдамалар бүгінгі күнде адами мәдениеттілікті насихаттау сипатына ие.

Қазақ халқының философиялық көзқарастарының қалыптасуының алғашқыларының қатарындағы Қорқыт ата мен Асан қайғы, ағартушы-классиктер Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсыновтың еңбектеріндегі тұжырымдар мен Бұқар жырау жырларындағы ойлардан түсінуге болады.

Қорқыт ата – қазақ ойшылы, исі түркіге ортақ дана. Қорқыттың басынан өткен қызықты оқиғалар XV ғасырда «Қорқыт ата кітабы» деген атпен жазылып, хатқа түскен. Кітаптың екі нұсқасы Дрезден мен Ватикан қалаларының кітапханасында сақталған. Сонымен қатар, 1950 жылы Бакуде, 1982 жылы Мәскеу қалаларында басылып шыққан. Орыс, неміс, итальян сияқты т.б. тілдеріндегі аудармалары бар.

Қорқыт атаның ел аузында қалған көптеген нақыл сөздері әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпайтыны анық. «Құмды қанша үйгенмен төбе болмас, Қара есектің басына жүген таққанымен тұлпар болмас», «Күнге сарыпай шапан жапқанмен, бәйбіше болмас», «Тозған мақта боз болмас, ежелгі жау ел болмас», «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада»,

«Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Ең сүйкімді әйел – отбасының құты болған әйел» [17], – секілді қанатты сөздері қазақ халқының мақал-мәтеліне айналды. Осы нақыл сөздердің жолдары арқылы отбасындағы ананың рөліне ерекше назар аударылғандығын байқаймыз. Бұл да адами құндылықтардың қауіпсіздік көрсеткіші.

XV ғасырда өмір сүрген атақты қазақ ақыны Асан қайғы қазақ халқының тағдыры шешілер тұста өмір сүрді. Ол шығармаларында тарих пен қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін түсініп және мұны әр адамға ой салар мәселе ретінде қояды:

... Ауылдағы жамандар,
Ел қадірін не білсін?
Көшіп-қонып көрмеген,
Жер қадірін не білсін [18]!

Жалпы қазақ жыраулары хан ордаларында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа ақыл-өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп жыр айтқан. Соғыс кезінде жыраулар ханның әскери кеңесіне қатысып, жауынгерлердің рухын көтеріп отырған. Ақындардай емес, олар тайпалар шежіресін аса жақсы білген, батырлық эпос пен тарихы жырларды орындаған. Жаумен қиян-кескі ұрыс басталар алдында жауынгерлердің рухын көтеріп жыр төккен жыраулардың шығармаларына өсиет және жорық сарындары тән [19].

Қазтуған жырау өмір туралы, атамекен, туған ел мен әскери тақырыптағы туындылар жазса, Доспанбет жырау шығармаларында көшпенді жауынгерлердің бейнелік тұлғасы, батырлық кейпі көрінеді. Жорық жыршысы болған Марғасқа жырау Есім ханның бір орталыққа біріккен мықты феодалдық мемлекет құру идеяларының ұраншысы қызметін атқарса, шонжарлар тұқымынан шыққан Жи-ембет жырау хан үкіметіне қарсы болады. Ақтамберді толғауларында атқа қонуды, ойраттарға қарсы соққы беруге, жұртшылықты ерлікке үндеп, қарсы келген жауға қорықпай шабу насихатталады.

Жалпы қазақ қоғамында қауіпсіздік ұғымы ерекше мәнді иеленді. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы қауіпсіздікті қамтамасыз

етуді үндеді. Мәселен, құрсақ тойында амансау босануына тілек білдірілсе, қазанжарыста баланың өмірге тез келуін ырымдайды. Ырым халықтың жақсы ниетінен туған ғұрып. Ырым жолдары мен түрлері өте көп. Мысалы, шешен болсын деп аузына түкіру, отаншыл болсын деп туған жерге аунату, сондай болсын деп батырдың сарқытын жегізу немесе оның атын қою сияқты ырымдар бар. Басқа да қазақ ырымдарына тоқталсақ: «Бала бас ұстамайды. Егер бала бас ұстаса әкесі өліп қалады деп тыйым салынған». «Омыртқаның жұлынын жесе – суға кетіп қалады деген ырым бар». «Қыздың басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі». «Қазақ түнде мал санамайды, ол жаман ырым. Адам санамайды, басы кемиді деп ойлаған». «Құмырсқалар күндіз илеуіне асығып кіріп жатса ауа райы бұзылады» [20] және т.б.

Философиялық ойлар тарихындағы қауіпсіздік мәселелісін сараптау барысында, Ежелгі дүниеде қауіпсіздікті ұғыну мифологиялық және діни түсініктен арылғандығын көрсетеді. «Философиялық ілімдер адам мәселесін қарастыру барысында қауіптің ашаршылық, құрғақшылық сынды өзге де табиғи түрлерін,

өшпенділік және бәсекелестік секілді әлеуметтік байланыстардың кері ықпалын таниды» [21]. Қоғамдық дамудың сипаттамалық белгілеріне сәйкес, қауіпсіздіктің табиғи және әлеуметтік үдерістерін сараптау жүреді. «Адамдар қауіпсіздік мәдениеті туралы түсінікті қоғамда адамдармен қарым қатынас жасау негізінде мәдени құндылықтарды информация қайнар көзі ретінде пайдалану арқылы қалыптасады. Осы себебі мәдени құндылықтар қазіргі таңдағы қауіпсіздік мәселесін зерттеуде үлкен септігін тигізері анық» [22]. Қауіпсіздік мәселелерін қазіргі заманғы зерттеулер оның көпқырлылығын танытты. Десек те, зерттеудің пәндік ұстанымдары жинақталса да, мәселе бойынша толықтай айқындалған тұжырымдар жоқ.

Жалпы Қазақстан қоғамының базалық ұлттық қазыналарын зерттеуде еліміздің еуразиялық құндылықтарын бағалайтындығын көреміз. Бұл тұста қоғамның рухани жағдайын сақтауда философиялық, саяси, діни, ғылыми, этикалық, әдеби және өзге де мәнділіктерді сақтауға назар аударған жөн. Бұл идеялар төңірегінде ұлттық қауіпсіздіктің негізгі мәселелері айқындалатыныны белгілі.

Әдебиеттер

1. Acculturation, Religiosity, and Ethnicity Predict Mothers Causal Beliefs About Separation Anxiety Disorder and Preferences for Help-Seeking. Erica D.Sood, Julia L. Mendez, and Philip C. Kendall. *Journal of Cross-cultural psychology*. Volume 43 number 3 april 2013. 393-393pp.
2. Мыслители Греции, от мифа к логике / Сост. В. Шкоды, – М., Харьков: ЭКСМО-пресс, Фолио, 1998. – С. 774.
3. Цицерон. Об обязанностях. – М., 1999. – С. 131.
4. Тертуллиан Квинт Септимий Флоренский. Избранное сочинение / Сост. А.А.Столярова. – М.: Прогресс, 1994. – С. 350.
5. Аврелий Августин. Исповедь // [Электронный ресурс] Режим доступа: http://azbyka.ru/otechnik/?Avrelij_Avgustin/ispoved=2_6
6. Гукасьян Г.М., Нинчиева Г.В. История экономической мысли. – М., 2003. – С. 19.
7. Мекежанов Б.У. Әл-Фарабидің адамдар қоғамдастығы жайындағы классификациясы // «Әл-Фарабидің шығыс халықтарының мәдениеті мен ғылыми тарихындағы орны» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 1994. – 3 б.
8. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 220 б.
9. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы, 1998. – 179 б.
10. Жүншеев Р.Е., Төкенов Ө.С., Ізтілеуов А.Ә. Философия. –Тараз, 2007. – 233 б.
11. Гоббс Т. Левиафан. – М.: Мысль, 2001. – С. 87.
12. Гоббс Т. Левиафан, или Материя, форма и власть государства церковного и гражданского (1651). – М., 1936. – С. 51.
13. Гегель Г. Политические произведения. – М., 1978. – С. 239.
14. Гегель Г.В.-Ф. Философия истории. – Соч. – Т. 8. – М.; Л., 1935. – С. 54.
15. Гегель Г.В.-Ф. Философия права. – М., 1990. – С. 206.
16. Фейербах Л. Собрание произведений в 3 т. – т.2. – М.: Мысль, 1967. – С. – 231.
17. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. – 2 том. – Алматы, 2008. – 32 б.
18. Толысбай К. Асан қайғы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 11 б.
19. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Жазушы, 1976. – 158-159 бб.
20. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 2001. – 17 бб.

21. Anthology of World Philosophy in four volumes. The philosophy of antiquity and the Middle Ages [Text] /. Ed. VV Sokolov. – M: Thought, 1969. – Volume 1-pp.-276.

22. Outside the Head and Outside Individualism-Collectivism : Further Meta-analyses of Cultural Products. Marika Lamoreaux and Beth Morling. Journal of Cross-Cultural psychology volume 43 number 2 february 2012. 300-301 pp.

References

1. Acculturation, Religiosity, and Ethnicity Predict Mothers Causal Beliefs About Separation Anxiety Disorder and Preferences for Help-Seeking. Erica D.Sood, Julia L. Mendez, and Philip C. Kendall. Journal of Cross-cultural psychology. Volume 43 number 3 april 2013. 393-393pp.

2. Greek thinkers, from myth to logic / Comp. B. Skoda, – M., Harkov: EKSMO Press, Folio, 1998. – S. 774.

3. Cicero. On duties. – M., 1999. – S. 131.

4. Tertullian, Quintus Septimius Florensii. Selected Works / Comp. A.A.Stolyarova. – Moscow: Progress Publishers, 1994. – S. 350.

5. Augustine of Hippo. Confessions // [electronic resource] Mode of access: http://azbyka.ru/otechnik/?Avrelij_Avgustin/ispoved=2_6

6. Gukasyan GM, GV Nintsieva The history of economic thought. – M., 2003. – S. 19.

7. Mekezhanov B.U. Al-Farabidin adamdar kogamdstigi jayindagi klassifikasyasi // «Al-Farabidin shigis haliktarinin madeniyeti men gilimyi tarihindagi ornı» atti halikaralik giliy-teoryalik konferensyanin materyaldari. Almaty, 1994. – 3 b.

8. Al-Farabi. Filosofyalik traktattar. – Almaty: Gilim, 1973. 220 b.

9. Kelimbetov N. Kazakh adebiyet bastaulari. – Almaty, 1998. – 179 b.

10. Junsheev R.E., Tokenov O.S., Iztileuov A.A. Filosofya. – Taraz, 2007. – 233 b.

11. Thomas Hobbes Leviathan. – M: Thought, 2001. – S. 87.

12. Thomas Hobbes Leviathan or the Matter, Form and Power of a church and civil law (1651). – M., 1936. – S. 51.

13. Hegel, political work. – M., 1978. – S. 239.

14. Hegel GV-F. The philosophy of history. – Vol. – T. 8. – Moscow, Leningrad, 1935. – S. 54.

15. Hegel GV-F. The philosophy of law. – M., 1990. – S. 206.

16. Collected works of L. Feuerbach in 3 volumes – Volume 2. – M: Thought, 1967. – S. – 231.

17. Khiraubayeva A. Ejelgi adebyet. 5 tomdik shigarmalar jinagi. – 2 tom. – Almaty, 2008. – 32 b.

18. Tolisbay K. Asan khaygi. – Almaty: Dayik-Press, 2006. 11 b.

19. Tursinov E.D. Kazakh auiz adebyetin jasaushilardin bayirgi okilderi. – Almaty: Jazushi, 1976. – 158-159 b.

20. Kenjeahmetuli S. Jeti kazina. – Almaty, 2001. – 17 b.

21. Anthology of World Philosophy in four volumes. The philosophy of antiquity and the Middle Ages [Text] /. Ed. VV Sokolov. – M: Thought, 1969. – Volume 1-pp.-276.

22. Outside the Head and Outside Individualism-Collectivism : Further Meta-analyses of Cultural Products. Marika Lamoreaux and Beth Morling. Journal of Cross-Cultural psychology volume 43 number 2 february 2012. 300-301 pp.